

**Қытай Халық Республикасының Үкіметі мен
Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы
Қытай-қазақстан мемлекеттік шекарасының режимі туралы
келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қытай Халық Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі,

аумаққа және мемлекеттік шекараға қол сұқпаушылық туралы халықаралық құқықтың негізгі қағидатын басшылыққа ала отырып,

егемендік және аумақтық тұтастықты өзара құрметтеу, өзара жауласпау, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, теңдік, өзара тиімділік және бейбіт қатар өмір сүру қағидаттарын негізге ала отырып,

мемлекеттік шекара екі елдің арасында ұрпақтан ұрпаққа бейбітшілік пен достықтың мәңгілік шекарасы болып қалуы үшін жалпы күш-жігерді жұмсау шешімділігіне толы болып,

екі елдің мемлекеттік шекарасында тұрақтылықты және шекара маңындағы аудандарда тыныштықты қамтамасыз ету, шекара мәселелерін өзара құрметтеу және сенім, тең құқық, достастық және ынтымақтастық рухында реттеу мақсатында,

мына төмендегілер туралы келісті:

1-тарау. Аппарат ұғымы

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1. «Мемлекеттік шекара», «шекара», «мемлекеттік шекараның сызығы» – бірдей мағынасы бар, Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасының арасындағы құрлық және су аумақтарының бөліну шектерін, сондай-ақ осы сызық бойынша өтетін әуе кеңістігі мен жер қойнауы бөлінуінің тік жазықтық сызығын білдіреді.

2. «Шекараны делимитациялау туралы құжаттар» – мемлекеттік шекара туралы мемлекетаралық келісімдерді, сондай-ақ Қытай Халық Республикасы, Қазақстан Республикасы мен үшінші елдің арасындағы шекараның түйісу нүктесі туралы шарттарды қоса алғанда, Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасының арасындағы шекараны белгілейтін құқықтық құжаттар.

3. «Шекараны демаркациялау туралы құжаттар» – Демаркациялау туралы хаттама, Мемлекеттік шекараның картасы, Шекара белгілерінің хаттамалары, Шекара белгілерінің координаттары мен биіктіктерінің каталогы, Шекара белгісі бағаналарының өзара орналасу схемаларының

альбомы, Аралдардың тиесілігі кестесі және оны демаркацияланғаннан кейін қалыптасқан мемлекеттік шекара туралы басқа да құжаттар.

4. «Бірлесіп тексеру құжаттары» – мемлекеттік шекараны бірлесіп тексеру хаттамалары, Мемлекеттік шекараның картасы, Шекара белгілерінің хаттамалары, Шекара белгілерінің координаттары мен биіктіктерінің каталогы, Шекара белгісі бағаналарының өзара орналасу схемаларының альбомы, Аралдардың тиесілігі кестесі және шекараны бірлесіп тексергеннен кейін қалыптасқан және мемлекеттік шекараны демаркациялау туралы құжаттарға қосымшалар болып табылатын басқа да құжаттар.

5. «Шекара белгілері» – сызықта немесе мемлекеттік шекараның екі жағы бойынша орнатылған жергілікті жерде мемлекеттік шекараның сызығынан өтуін көрсететін белгілер. Олардың географиялық координаттары демаркация туралы құжаттарда немесе бірлесіп тексеру құжаттарында айқындалған және тіркелген. Шекара белгілері негізгі және аралық болып бөлінеді.

6. «Шекаралық орман жолдары» – оларды қадағалауды және көршілес шекара белгілері арасында көру мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік шекара сызығының екі жағы бойынша белгілі бір ендік шегінде ағаштардан, бұталардан және басқа да өсімдіктерден тазартылған жергілікті жердің жолақтары.

7. «Шекаралық аудан» – мемлекеттік шекараға жақын орналасқан Қытай Халық Республикасының уездері (қалалары), Қазақстан Республикасының аудандары.

8. «Шекара маңындағы халық» – екі мемлекеттің шекара маңындағы аудандарында тұрақты тұратын халық.

9. «Уәкілетті органдар» – құзыретіне осы Келісімге сәйкес мәселелерді шешу кіретін Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларында белгіленген органдар.

10. «Шекарадағы оқыс оқиғалар» – мемлекеттік шекара режимінің әртүрлі бұзылуларынан көрініс табатын оқиға.

11. «Шекаралық персонал» – Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы шекаралық ведомстволардың жеке құрамы.

12. «Мемлекеттің шекара өкілдері» – шекарадағы оқыс оқиғалардың алдын алу, реттеу мен мемлекеттік шекара режимін қамтамасыз ету үшін Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес тағайындалған тұлғалар.

13. «Шекара өкілінің сарапшысы» – Тараптар мемлекеттері шекара өкілдерінің қызметін қамтамасыз ету үшін тартылатын әртүрлі бейіндегі құзыретті мамандар қатарынан тағайындалатын тұлға.

14. «Трансшекаралық сулар» – мемлекеттік шекара сызығын кесіп өтетін немесе мемлекеттік шекара сызығы бойынша орналасқан барлық өзендерді және басқа да су айдындарын білдіреді.

15. «Шекаралық сулар» – трансшекаралық сулардың құрамдас бөлігі болып табылады және мемлекеттік шекара сызығы бойынша орналасқан барлық өзендерді және басқа да су айдындарын білдіреді.

16. «Трансшекаралық құрылыстар» – мемлекеттік шекараны кесіп өтетін темір жолдар, тас жолдар, мұнай-газ құбырлары, электр беру желілері, кабелдер, көпірлер, бөгеттер, шлюздер және басқа да құрылыстар.

17. «Әуе кемесі» – жер бетінен шағылысқан ауамен өзара әрекеттесуден өзгеше ауамен өзара әрекеттесу есебінен атмосферада қалықтайтын ұшу аппараты (ұшақтар, тікұшақтар, дирижабльдер, әуе шарлары және солар сияқты құралдар).

18. «Форс-мжорлық жағдаяттар» – болжауға болмайтын, болмай қалмайтын және еңсерілмейтін объективтік жағдаяттар.

2-тарау. Мемлекеттік шекарадан өту сызықтарын, шекара белгілері мен шекаралық орман жолдарын ұстау

2-бап

Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы мемлекеттік шекара сызығын делимитациялау туралы төмендегі құжаттарға сәйкес белгіленеді:

1. 1994 жылғы 26 сәуірдегі Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы Қытай-қазақстан мемлекеттік шекарасы туралы келісім;

2. 1997 жылғы 24 қыркүйектегі Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы Қытай-қазақстан мемлекеттік шекарасы туралы қосымша келісім;

3. 1998 жылғы 4 шілдедегі Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы Қытай-қазақстан мемлекеттік шекарасы туралы қосымша келісім;

4. 1999 жылғы 5 мамырдағы Қытай Халық Республикасы, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесі туралы келісім;

5. 1999 жылғы 25 тамыздағы Қытай Халық Республикасы, Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесі туралы келісім.

3-бап

Тараптар жергілікті жерде мемлекеттік шекараның өту сызығын және шекара белгілерінің орналасқан жерін белгіледі, сондай-ақ 2002 жылғы 10 мамырдағы Қытай Халық Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай-қазақстан мемлекеттік шекарасының сызығын демаркациялау туралы хаттамаға, сондай-ақ Тараптар қол қойған және бірлесіп тексеру құжаттарының күшіне енуіне сәйкес мемлекеттік шекара сызығын бекітті.

4-бап

Тараптар осы Келісімнің 3-бабында санамаланған демаркациялау туралы құжаттар мен бірлескен тексеру құжаттарының ережелеріне сәйкес шекара белгілері мен шекаралық орман жолдарын ұстауды жауапкершілікке алады.

Тараптардың уәкілетті органдары жоғарыда көрсетілген жұмыстардың орныдалуы жөніндегі міндеттері мынадай үлгіге бөлінеді:

1. Тараптардың уәкілетті органдары өз мемлекеттерінің аумағында орналасқан шекара белгілерін ұстайды.

2. Тікелей мемлекеттік шекара сызығында орналасқан шекара белгілерін ұстауды оларды орнату үшін жауапты Тараптардың уәкілетті органдары жүзеге асырады.

3. Тараптардың уәкілетті органдары өз мемлекеттерінің аумағында орналасқан шекаралық орман жолдарын дербес ұстайды және оларды тазарту жұмыстарын жүргізеді.

5-бап

1. Тараптар шекара белгілерін күзету және ұстау жөніндегі шаралар қабылдайды, олардың бүлінуін, орындарының ауысуын, бұзылуын немесе жоғалуын болдырмайды.

Тараптардың уәкілетті органдары үш жылда бір рет шекара белгілерінің жай-күйін бірлескен тексеру жүргізеді. Шекара белгілерінің жай-күйіне бірлесіп тексеру жүргізудің мерзімі Тараптардың уәкілетті органдары арасында күні бұрын келісіледі. Бірлесіп тексерудің нәтижелері әрқайсысы қытай, қазақ және орыс тілдеріндегі екі данада тиісті хаттамалармен ресімделеді.

2. Шекара белгілерінің бүлінуі, орындарының ауысуы, бұзылуы немесе жоғалуы анықталған кезде Тараптардың уәкілетті органдары бір-

біріне дереу хабарлайды. Осы Келісімнің 4-бабының ережелеріне сәйкес шекара белгісін ұстауға жауапты Тараптың уәкілетті органдары оны жөндеу, қалпына келтіру немесе бұрынғы орнына қайта орнату жөнінде жедел шаралар қабылдайды, сондай-ақ осындай жұмыстар басталғанға дейін 10 күннен кешіктірмей екінші Тарапты хабардар етеді.

Жоғарыда көрсетілген жұмыстарды жүргізу екінші Тараптың уәкілетті органдарының қатысуымен жүзеге асырылады. Жұмыстар аяқталғаннан кейін әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде екі данадағы акт осы Келісімнің 1-қосымшасына сәйкес ресімделеді.

3. Форс-мажорлық жағдаяттар себебі бойынша шекара белгісін қалпына келтіру немесе бұрынғы орнына қайта орнатуы мүмкін болмайтын жағдайда Тараптардың уәкілетті органдары оны қалпына келтіру немесе бұрынғы орнына қайта орнату мүмкін еместігі себептерін көрсете отырып, осы Келісімнің 2-қосымшасына сәйкес акт ресімдейді, және бұл мәселе осы Келісімнің 49-бабына сәйкес құрылған Шекара жөніндегі бірлескен Қазақстан-қытай комиссиясының қарауына шығарылады. Көрсетілген комиссия шекара белгісін орнату үшін басқа ыңғайлы орынды белгілеу жөнінде шешім қабылдайды. Шекара белгісін жаңа жерге орнату үшін Тараптар Тараптардың уәкілетті органдарының өкілдері мен геодезистік қызметтер мамандарының қатарынан бірлескен сарапшылар тобын қалыптастырады. Шекара белгісінің орнын ауыстырғаннан кейін оны фотоға түсіру, координаттарын геодезистік айқындау және биіктігін белгілеу жүргізіледі, сондай-ақ қажет болған жағдайда жергілікті жерде топографиялық түсіру орындалады.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижелері бойынша сарапшылардың бірлескен тобы осы Келісімнің 3-қосымшасына сәйкес акт ресімдейді және шекара белгісінің жаңа хаттамасын осы учаскедегі мемлекеттік шекара сызығының өтуі сипаттамасының түзетілген фрагментін, шекара белгісі бағаналарының координаттары мен биіктіктері каталогының түзетілген бөлігін, шекара белгісі бағаналарының өзара орналасу схемасын жасайды.

Жоғарыда көрсетілген құжаттар Шекара жөніндегі бірлескен Қытай-қазақстан комиссиясының қарауына ұсынылады. Комиссия бекіткеннен кейін осы құжаттар қосымша құжаттар болып табылатын және шекараны демаркациялау туралы құжаттар мен бірлесіп тексеру құжаттарының ажырамас бөліктері болады.

Жоғарыда көрсетілген жұмыстардың нәтижесі осы Келісімнің 7-бабында көрсетілген Бірлескен комиссия әзірлеген шекараны бірлесіп тексеру құжаттарында көрініс табады.

4. Шекара белгісін жөндеу, қалпына келтіру, қайта орнату және оның орнын ауыстыру, сондай-ақ шекара белгісінің нысаны, мөлшері, дайындау материалы және орналасқан жері шекараны демаркациялау туралы

құжаттардың немесе бірлесіп тексеру құжаттарының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

5. Тараптардың бір де бірі шекара сызығына жаңа шекара белгілерін немесе оның басқа да таңбаларын біржақты тәртіппен орнатпауға тиіс.

Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес Тараптар шекара белгілерін бүлдірген, орнын ауыстырған немесе жойған тұлғаларды жауапкершілікке тартады.

6-бап

1. Тараптардың уәкілетті органдары үш жылда бір рет ені 15 метрлік (мемлекеттік шекара сызығының екі жағы бойынша 7,5 м) шекараны демаркациялау туралы құжаттарда белгіленген шекаралық орман жолдарының жай-күйіне бірлескен тексеру жүргізеді. Бірлесіп тексеруді жүзеге асыру мерзімі Тараптардың уәкілетті органдарымен алдын ала келісіледі және белгіленеді. Бірлесіп тексерулер нәтижелері әрқайсысы қытай, қазақ және орыс тілдерінде екі данадағы хаттамамен ресімделеді.

Қажет болған жағдайда, Тараптардың уәкілетті органдары орман жолдарын қадағалауға кедергі келтіретін ағаштардан, бұталар мен басқа да өсімдіктерден дербес немесе бірлесіп тазартуы мүмкін.

Өз аумағында шекаралық орман жолдарын тазарту жөніндегі жұмыстарды жүргізу қажет болған жағдайда бір Тараптың уәкілетті органы жұмыс басталғанға дейін 10 күннен кешіктірмей, бұл туралы екінші Тараптың уәкілетті органын хабардар етеді.

2. Шекаралық орман жолдарын тазарту үшін Тараптардың мемлекеттеріне залал келтіруі мүмкін отты, химиялық препараттарды және өзге де тәсілдерді қолдануға тыйым салынады.

3. Тараптардың өзге келісімдерінде ескерілгендерден басқа шекаралық орман жолдарында жер жырту, жер қазу жұмыстарын, құрылыс салу және өзге де шаруашылық қызметін жүзеге асыруға тыйым салынады.

3-тарау. Шекараны бірлесіп тексеру

7-бап

1. Тараптар шекараны демаркациялау туралы құжаттар күшіне енгеннен кейін он жылда бір рет мемлекеттік шекара сызығына бірлескен тексеру жүргізеді.

2. Тараптар әрбір бірлескен тексеру алдында дипломатиялық арналар бойынша тексерудің басталу мерзімін, оны жүргізу тәртібін және шеңберін

келісуі тиіс. Сондай-ақ келісу жолымен тексеру мерзімінің өзгертілуі немесе шекараның жеке учаскесінде бірлескен тексеру жүргізілуі мүмкін.

3. Бірлескен тексеру жүргізу үшін Тараптар мемлекеттік шекара сызығын тексеру жөніндегі бірлескен комиссияны құрады. Жұмыстың міндеттерін, қағидаттарын, тәртібін, әдістерін, сондай-ақ бірлескен тексеруге байланысты басқа да мәселелерді осы комиссия белгілейді.

4. Тараптар бірлескен тексеру нәтижелері туралы осы Келісімнің 1-бабының 4-тармағында белгіленген құжаттарды жасайды.

4-тарау. Трансшекаралық және шекаралық сулар

8-бап

Трансшекаралық суларды пайдалану кезінде Тараптар 2001 жылғы 12 қыркүйектегі Қытай Халық Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімнің және Тараптар мемлекеттері бір мезгілде қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардың ережелерін басшылыққа алады.

9-бап

1. Тараптар мемлекеттерінің азаматтары мемлекеттік шекараның сызығына дейін шекаралық сулардың өз жағында балық аулауды жүзеге асыруы мүмкін.

Жарылғыш, химиялық заттарды және электр тоқты, балықтарды және шекаралық сулардағы басқа да биологиялық ресурстарды жаппай қырып-жоюдың басқа да тәсілдерін қолдануға тыйым салынады.

Тараптардың уәкілетті органдары шекаралық суларда балық және басқа да биологиялық ресурстарды заңсыз аулаудың жолын кесу жөніндегі шараларды бірлесіп немесе дербес қабылдайды.

2. Ғылыми-зерттеу мақсатында аулауды қоспағанда, Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларында белгіленген мерзімде және жерлерде балық және басқа да биологиялық ресурстарды аулауға тыйым салынады.

3. Тараптардың уәкілетті органдары трансшекаралық сулардың балық және басқа да биологиялық ресурстарын күзету, өсімін молайту және пайдалану мәселелерін қажет болған кезде жеке Келісімге сәйкес шешеді.

10-бап

1. Тараптар шекаралық сулар жағалауларын бұзылудан және арналары жағдайының өзгеруінің алдын алу жөнінде қажетті шаралар қабылдайды.

Шекаралық сулардың өз жағалауларын инженерлік нығайту жөніндегі жұмыстар кезінде бір Тарап екінші Тарап мемлекетінің жағалауына залал келтірмеуі тиіс және көрсетілген жұмыстардың жүргізілуі туралы 10 күннен кешіктірмей екінші Тарапты хабардар етеді.

Шекаралық сулардың жағалауларын қорғау мәселелері тең құқықтық және өзара тиімділік қағидаты негізінде Тараптармен келісіледі және реттеледі.

2. Тараптардың уәкілетті органдары, қажет болған кезде Тараптармен келісілгеннен кейін шекаралық сулар арнасына тереңдету және тазарту жүргізеді. Тиісті шығыстар Тараптардың уәкілетті органдары арасындағы келісім бойынша айқындалады.

Шекаралық сулардың арналары мен жағалауларына залал келтіруді болдырмау үшін олардың түбін тереңдету және тазарту кезінде Тараптар шығарылатын тұнбаларды жинақтау үшін тиісті түрде белгілі бір орын келісіледі.

3. Екінші Тараптың келісімінсіз, Тараптардың бір де бірі мемлекеттік шекарада орналасқан трансшекаралық сулар арналарының жағдайын жасанды түрде өзгертпейді.

11-бап

Бір Тарап шекаралық суларда немесе олардың жағалауларында қандай да бір құрылыстарды немесе ғимараттарды (трансшекаралық объектілерді қоса алғанда) салу, қайта жөндеу немесе бұзу кезінде екінші Тарап мемлекетінің мүддесіне зиян келтіруге жол бермейді.

Шекаралық суларда немесе олардың жағалауларында жүзеге асырылатын шекаралық сулардың арналары мен ағыстарын өзгертуге әкеп соғуы, су ресурстарын пайдалануға, балықтардың қоныс аударуына, экологиялық ортаға, сондай-ақ Тараптар мемлекетінің басқа да мүдделеріне залал келтіруі мүмкін мәселелерді Тараптар мемлекеттерінің тиісті уағдаластықтары арқылы реттеледі.

**5-тарау. Шекара маңындағы аудандардағы өндірістік қызмет
және
құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету**

12-бап

1. Мемлекеттік шекараға жақын жерде өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, орман, және басқа да өндірістік қызметпен айналысу, сондай-ақ жер қойнауын өңдеу кезінде бір Тарап екінші Тарап мемлекетінің мүдделеріне залал келтірмеуі тиіс.

2. Бір Тараптың мемлекеттік шекара сызығынан бір мың метр шекте жарылыс жұмыстарын жүргізуі, қажет болған кезде ол 48 сағаттан кешіктірмей екінші Тарапты хабардар етеді және оның мүдделеріне залал келтірмеу үшін алдын алу шараларын қабылдайды.

13-бап

1. Трансшекаралық құрылыстарды салу, пайдалану және жөндеу Тараптардың қол жеткізген уағдаластықтарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Егер Тараптар басқа туралы уағдаласпаса, шекаралық сулардағы трансшекаралық объектілерді пайдалану туралы шекара жауапкершілігі объектінің орталығымен, ортасымен немесе технологиялық осімен өтетін сызықпен айқындалады.

Шекаралық суларда трансшекаралық объектілерді пайдалану туралы шекара жауапкершілігі жергілікті жердегі мемлекеттік шекара сызығының өтуіне әсер етпейді.

14-бап

1. Бір Тараптың уәкілетті органдары екінші Тараптың аумағына олардың өтуін болдырмау мақсатында мемлекеттік шекара сызығы маңында малды және үй құстарын бағуды бақылауды жүзеге асырады.

2. Мал мен үй құстары Екінші Тараптың аумағына өткен жағдайда Тараптардың уәкілетті органдары қысқа мерзімде бірін-бірі хабардар етеді және оларды іздеу, күзету және жедел түрде қайтару үшін шаралар қабылдайды. Оларды жасыруға, союға немесе сатуға, сондай-ақ шаруашылық мақсаттарда пайдалануға тыйым салынады.

15-бап

1. Тараптардың уәкілетті органдары адамдар мен жануарлардың жұқпалы ауыруларының, індеттер мен эпизоотиялардың, сондай-ақ зиянкестердің, өсімдіктер ауруларының және ауыл шаруашылығы мен орман дақылдары арамшөптерінің (оның ішінде карантиндік зиянды организмдердің) енуінің және таралуының алдын-алу үшін санитарлық-індетке қарсы (алдын-алу), ветеринарлық және фитосанитарлық шараларды қабылдайды.

Шекаралық аудандарда санитарлық-індеттік, эпизоотиялық жағдай нашарлаған, шекаралық аудандарда адамдар немесе жануарлардың жұқпалы аурулары адамдардың денсаулығына, жануарларға, өсімдіктер мен қоршаған ортаға қауіп төндіретін және шекара арқылы таралуы мүмкін зиянкестер, өсімдіктер ауырулары және ауыл шаруашылығы мен орман дақылдары арамшөптері (оның ішінде карантиндік зиянды организмдер) анықталған кезде Тараптардың уәкілетті органдары бұл туралы бірін-бірі дереу хабардар етеді.

2. Тараптардың уәкілетті органдары қажет болған кезде шекаралық ормандары, су және басқа да табиғи ресурстарды күзету және пайдалану мәселелері, адамдар мен жануарлар ауруларының, сондай-ақ зиянкестердің, өсімдіктер аурулары мен ауыл шаруашылығы мен орман дақылдары арамшөптерінің (оның ішінде карантиндік зиянды организмдердің) алдын-алу проблемалары бойынша консультациялар жүргізеді.

16-бап

Тараптар мемлекеттік шекара сызығынан бір мың метр шекте қаруды қолдана отырып аң аулауға, сондай-ақ екінші Тарап мемлекетінің аумағына бағыттап оқ атуға, шекара арқылы аңшылық кәсібі мен жануарлардың ізіне түсуге тыйым салады.

17-бап

Шекаралық аудандарда табиғи дүлей зілзалалар (су тасу, өрт, сең жүру және солар сияқты) пайда болған кезде Тараптардың уәкілетті органдары уағдаластық бойынша зардап шегуші Тарапқа апаттан құтқаруға қажетті көмек көрсетеді және екінші Тарап мемлекетінің аумағына апаттың таралмауына шаралар қабылдайды.

18-бап

1. Тараптар форс-мажорлық жағдаяттар туғызған жағдайларды қоспағанда, әуе кемелерінің мемлекеттік шекарадан өте отырып, заңсыз ұшуын болдырмау жөнінде шаралар қабылдайды.

2. Мемлекеттік шекара сызығынан 25 километр шектегі өз аумағында аэрофотоға түсіруді және басқа да қашықтықтан зерттеуді жүзеге асыру мақсатында әуе кемелерінің ұшуларын жоспарлап отырған Тарап олар басталғанға дейін 15 күн бұрын екінші Тарапты дипломатиялық арналар арқылы осы Келісімнің 4-қосымшасына сәйкес хабардар етеді.

Егер жоғарыда көрсетілген ұшуларды екінші Тарап аумағының үстінен шекарадан өту арқылы жасау қажет болған жағдайда, бір Тарап бұл туралы олар басталғанға дейін 30 күннен кешіктірмей, оның келісімін алу үшін дипломатиялық арналар арқылы екінші Тарапқа осы Келісімнің 5-қосымшасына сәйкес сұрау салады. Екінші Тарап ұшулар басталғанға дейін 10 күннен кешіктірмей жоғарыда көрсетілген сұрауға жауап жібереді.

19-бап

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін, егер Тараптар өзге туралы келіспесе, шекара күзеті мүддесіндегі пайдалануларды қоспағанда, мемлекеттік шекараның құрлықтық сызығының екі жағынан жиырма метр шекте тұрақты құрылыс нысандарын салуға тыйым салынады.

20-бап

Тараптардың уәкілетті органдары мемлекеттік шекарадағы өндірістік қызметке және жақын жатқан аудандар шегіндегі бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ 10 күннен кешіктірмей осы Келісім ережелеріне сәйкес мемлекеттік шекара режиміне әсер етуі мүмкін қызметті жүзеге асыру мерзімі мен нақты орны туралы бірін-бірі хабардар етеді.

21-бап

Тараптар шекарадан өтуді, шекара маңындағы аудандардағы тәртіпті қамтамасыз ету, контрабандалар, заңсыз көші-қон, есірткілер және психотроптық заттармен сауда жасауды, тыйым салынған заттарды сату және өткізу мен басқа да трансшекаралық қылмыстарды болдырмау және олардың жолын кесу мүддесінде ынтымақтастық пен өзара іс-әрекетті нығайтады. Осы мақсаттарда Тараптар немесе олардың уәкілетті органдары қатынастар жүйесі мен ынтымақтастық туралы тиісті Келісімдерге қол қояды.

6-тарау. Мемлекеттік шекарадан өту тәртібі

22-бап

1. Бір Тарап мемлекеттерінің азаматтары оның елінің уәкілетті органдары жарамды деп жарияланған құжаттар негізінде екінші Тарап мемлекетіне кіріп, шығады және оның нақты жарамдылығының бекітілген мерзімдері шегінде аумағында бола алады. Көрсетілген құжаттар Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамалары және Тараптар арасындағы қолданыстағы халықаралық келісім-шарттарға сәйкес айқындалады.

2. Темір жол тасымалдарына қызмет көрсететін персоналдың мемлекеттік шекарадан өтуі және оның шекаралық темір жол станциялары аумағы немесе шекаралас станциялар арасындағы аумақ шегінде болу мәселелері Тараптардың немесе олардың құзыретті ведомстволарының тиісті Келісімдерімен айқындалады.

3. Адамдармен олардың жүктері, жеке заттары және көлік құралдары Тараптар белгілеген өткізу пункттерінде шекарадан өтеді. Әуе кемесінің мемлекеттік шекарадан өтуі Тараптардың уәкілетті органдары белгілеген халықаралық әуе трассалары бойынша жүзеге асырылады.

23-бап

Тараптар мемлекеттерінің шекарада тұратын халқының, трансшекаралық құрылыстарды салуға қызмет көрсететін персоналдың, шекаралас аудандар ұйымдары жұмысшыларының және басқа да тұлғалардың шекарадан жеңілдетілген өтуін ресімдеу мәселелері Тараптардың тиісті Келісімдерімен айқындалады.

24-бап

Шекаралас аудандарда өрт, сең жүру немесе басқа да дүлей зілзалалар туындаған кезде бір Тараптың өрт сөндіруші немесе құтқарушы персоналы екінші Тараптың уәкілетті органдарының өтініші бойынша көмек көрсету үшін Тараптардың тиісті органдары растаған тізімдер және тұлғалығын көрсететін құжаттар бойынша мемлекеттік шекарадан өтуі мүмкін. Шекарадан өтудің орны мен нақты уақыты Тараптардың уәкілетті органдарымен келісіледі.

25-бап

Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері Тараптардың тиісті Келісімдерімен белгіленеді.

Тараптардың уәкілетті органдары мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері жұмыстарының режим мәселелері бойынша ынтымақтастық тетігін айқындайды.

26-бап

Тараптар мемлекеттік қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мүдделерінде санитарлық-індеттік ахуалдар бойынша, сонымен қатар стихиялық апаттар мен өзге де форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты азаматтар мен олардың жүктері, жеке заттары мен көлік құралдарының шекарадан өтуін уақытша шектеуді немесе толық тоқтатуды ендіруі мүмкін. Жоғарыда көрсетілген шектеулі жағдайларды қолдану жағдайында бір Тарап міндетті түрде екінші Тарапты хабардар етеді.

7-тарау. Шекаралас аудандардың экономикалық байланысу режимі мен байланысы

27-бап

1. Тараптар шекара маңындағы аудандардың арасында экономикалық байланысуға мүмкіндік туғызады және осы мақсаттарда өзара жол жүрулер мен тауар айналымы үшін қолайлы жағдай жасайды.

2. Тараптардың уәкілетті органдары өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес шекара маңындағы аудандар арасында

экономикалық байланысуларды дамыту жөніндегі уағдаластықтардың орындалуына ықпал етеді.

3. Шекара маңындағы аудандар арасындағы экономикалық байланысулар саласында Тараптардың уәкілетті органдары өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына және Тараптар арасындағы тиісті Келісімдерге сәйкес трансшекаралық қылмыстың барлық түрлерінің алдын алу және жолын кесу бойынша шаралар қолданады.

28-бап

1. Тараптар Қытай Халық Республикасының шекара маңындағы автономиялық аудандары мен Қазақстан Республикасының шекара маңындағы облыстары арасындағы байланыстар жүйелерін орнатуға ықпал етеді.

2. Қытай Халық Республикасының шекаралас автономиялық аудандары шекаралас аудандары мен Қазақстан Республикасының шекара маңы облыстары арасындағы байланыстар жүйелерін орнатуға ықпал етеді.

3. Тараптар мемлекеттік ұлттық заңнамаларымен анықталған шекаралық ведомстволардың, кедендік органдардың, карантиндік-инспекциялық қызметтер мен басқа да мемлекеттік бақылаушы органдардың тиісті басшылықтары арасындағы қызметтік байланыстарды жүзеге асыруға ынталандырады.

4. Екі елдің шекара маңындағы аудандарының өзара ынтымақтастығының барлық мәселелері Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына және Тараптар арасындағы тиісті Келісімдерге сәйкес немесе олардың уәкілетті органдары арқылы шешіледі.

5. Тараптар шекара маңындағы аудандардың әкімшілік бөлінісінің тізбесін осы Келісімнің 6-қосымшасына сәйкес айқындады. Бір Тарап өзінің шекара маңындағы аудандарының әкімшілік бөлінісін қайта қарау себебі бойынша өзгерістер енгізген жағдайда бұл туралы екінші Тарапты уақытылы хабардар етеді.

29-бап

Тараптар шекаралық туризм мен шекаралық сауданы дамытуға ықпал етеді, шекаралық ынтымақтастықтың әртүрлі нысанын көтермелейді.

8-тарау. Шекаралық оқыс оқиғаларды шешу

30-бап

Мемлекеттердің шекара өкілдері мен Тараптардың уәкілетті органдары алдын алу жөніндегі ынтымақтастықты жүргізеді, сондай-ақ төмендегі шекаралық оқыс оқиғаларды бірлесіп тексерді және шешуді жүзеге асырады:

1) шекаралық объектілердің бүлінуін, орнының ауысуын, бұзылуын немесе шекара белгілерінің жойылуын;

2) шекара арқылы оқ атуды;

3) екінші Тарап мемлекетінің аумағында адам өлтіру, жаралау және басқа да Тараптар мемлекеттері азаматтарының денсаулығына қауіп төндіретін іс-әрекеттерді шекара арқылы немесе шекараны бұза отырып жасауын;

4) адамдармен, малдармен, үй құстарымен және көлік құралдарымен (әуе кемелерімен, автомашиналар және жүзу құралдарымен) және басқа да шекараны бұзуын;

5) шабу, жерді өңдеу, балық аулау, аңға шығу, жеміс-жидек пен дәрілік шөптерді жинау немесе басқа да өндірістік әрекеттермен айналысу үшін заңсыз шекарадан өтуін;

6) жүктерді шекара арқылы заңсыз алып өтуін;

7) екінші Тарап мемлекетінің аумағындағы мүлікті алуын, қарақшылық жасауын, бопсалауын, ұрлауын, зақым келтіруін немесе бүлінуін;

8) шекара арқылы өрттің таралуын;

9) шекара арқылы жұқпалы және паразиттік ауырулар мен зиянкестердің енуі мен таралуын;

9) шекара арқылы заңсыз байланыс жасауын;

10) өзге шекаралық оқыс оқиғаларды.

31-бап

1. Мемлекеттердің шекара өкілдері мен Тараптардың уәкілетті органдары шекара мен оның режимін бұзудың алдын алу және жолын кесу жөніндегі қажетті шараларды бірлесіп қабылдайды.

2. Шекара бұзушыны немесе олармен шекараны бұзу іздерін анықтаған жағдайда мемлекеттердің шекара өкілдері мен Тараптардың уәкілетті органдары өз мемлекетінің аумағында іздестіруді, ұстауды және

шекара бұзушының тұлғалығын анықтауды және бірін-бірі жедел хабардар етуді жүзеге асырады.

32-бап

1. Мемлекеттердің шекара өкілдері мен Тараптардың уәкілетті органдары қысқа мерзімде шекара бұзушыға қатысты тексеру жүргізеді, оның тұлғалығын, шекара бұзудың мән-жайы мен себебін анықтайды және ұстау сәтінен бастап жеті күн ішінде оны екінші мемлекеттің шекара өкілдеріне немесе екінші Тараптың уәкілетті органдарына береді.

Белгіленген мерзімде бұзушыларды беру немесе қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, бұзу және оны уақытылы беру немесе қабылдау мүмкін болмаған себептері туралы мәліметті мемлекеттік шекара өкілдеріне немесе екінші Тараптың уәкілетті органдарына беруі тиіс.

2. Егер шекараны бұзушы оны ұстаған Тарап мемлекетінің азаматы болып табылса, егер халықаралық шарттарда белгіленбесе, бір мезгілде қатысушы Тарап мемлекеті болып табылса, онда ол берілуге жатпайды.

3. Егер тұлға шекараны бұзудан басқа, мемлекеттің ұстау аумағында өзге қылмыстық әрекет жасаса, онда ұстаған Тараптың уәкілетті органдары өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес оны тексеру үшін қажетті кезеңде қамауда ұстауы және жауапкершілікке тартуы мүмкін. Мұндай жағдайда мемлекеттердің шекара өкілдері немесе ұстаған Тараптың уәкілетті органдары шекара бұзушы, ол жасаған қылмыстарының жай-күйі, оған қатысты қабылданған шаралар мен тексеру нәтижелері туралы мәліметтерді мемлекеттің шекара өкілдері мен екінші Тараптың уәкілетті органдарына хабарлайды.

4. Шекара бұзушыны тапсыру кезінде мемлекеттердің шекара өкілдері немесе ұстаған Тараптың уәкілетті органдары мемлекеттің шекара өкілдері немесе қабылдаған Тараптың уәкілетті органдарына тұлғаның шекараны бұзу кезінде пайдаланған көлік құралын және қабылдаған Тараптың аумағынан алып өткен мүлкін дәлел ретінде береді.

33-бап

1. Шекара бұзушының құқығы мен мүддесі тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына және бір мезгілде Тараптар мемлекеттері қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес қамтамасыз етіледі.

Тараптардың уәкілетті органдары шекараны бұзушыға қатысты адамгершілікке жатпайтын шараларға және дәрекі нысандарға жол бермейді.

2. Егер шекара бұзушы Тараптар мемлекеттері азаматтарының өмірі мен қауіпсіздігіне қауіп төндірмесе, оған қатысты қару қолдануға тыйым салынады.

Шекара персоналы шекараны бұзушыға қарсы қару қолданар алдында қару қолдану ниеті туралы оған анық ескерту жасайды және ескерту оғын атады.

Шекараны бұзушыға қатысты қаруды қолдану басқа қабылданған шаралар оң нәтижелер бермегенде, аса қажет болған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Қару қолдану шекара арқылы тек қана заңсыз іс-әрекеттердің тиімді жолын кесу мақсатында қолданылады.

Ұстау кезінде жарақат алған шекараны бұзушыға шұғыл медициналық көмек көрсетіледі.

34-бап

1. Мемлекеттердің шекара өкілдері мен Тараптардың уәкілетті органдары- шекаралық оқыс оқиға барысында келтірілген залалдарға байланысты барлық алға тартылған шағымдар мен талаптарды бірлесіп тергейді және шешеді.

2. Мемлекеттердің шекара өкілдері мен Тараптардың уәкілетті органдары бір мезгілде шекаралық оқыс оқиғаны реттей отырып, екінші Тарап мемлекетінің аумағында қалған мүлікті қайтару мәселесін қарайды және шешеді.

35-бап

Мемлекеттердің шекара өкілдері мен Тараптардың уәкілетті органдары белгісіз адамдардың мәйіттерін шекараға жақын жерден тауып алған кезде, олардың қай мемлекетке қатысы барын анықтайды, қажет болған жағдайда бірлесіп тануды жүргізеді, оларды тапсыру мәселесін немесе реттеудің қажетті тәсілдерін келісіп шешеді.

Белгісіз бұйымдарды немесе малдардың өлексесін мемлекеттік шекараға жақын жерден тауып алған кезде, олардың қай мемлекетке қатысы барын анықтауға шаралар қабылдайды және оларды тапсыру немесе жоюды жүзеге асырады.

36-бап

1. Тараптар немесе оның уәкілетті органдары әуе кемесі екінші Тарап мемлекетінің әуе кеңістігі арқылы олардың мемлекетінің шекарасынан заңсыз өткендігін куәландырғаннан кейін шекараны бұзушы әуе кемесінің ықтимал түрі, сонымен қатар шекараны бұзу уақыты, жері (географиялық координаттары), биіктігі және ұшу бағыты (әуе жолы) туралы дереу екінші Тарапқа немесе оның уәкілетті органдарына хабарлайды.

Шекараны әуе кемесімен заңсыз кесіп өтуі туралы хабар алғаннан кейін әуе кемесімен мемлекеттің әуе кеңістігінің шекарасын бұзған Тарап немесе оның уәкілетті органдары шекараны заңсыз бұзу фактісі бойынша дереу тексеру жүргізеді және екінші Тараптың немесе оның уәкілетті органдарына шекарадан заңсыз өту себептері туралы хабарлайды.

Егер әуе кемесімен әуе кеңістігінен шекараны бұзған Тарап немесе оның уәкілетті органдарының әуе кемесіне қатысты ақпараттары болмаса, олар бұл туралы екінші Тарапқа хабарлайды және оны іздеу шараларын ұйымдастырады.

Тараптар немесе олардың уәкілетті органдары әуе кемесінің шекарадан заңсыз өту себептерін бірлесіп тексереді.

2. Шекарадан заңсыз өткен әуе кемесі туралы ақпараттар алмасу тәртібі Тараптармен немесе олардың уәкілетті органдарының тиісті келісімдеріне сәйкес шешіледі.

9-тарау. Мемлекеттердің шекара өкілдері, олардың құқығы, міндеттері мен жұмыс тәртібі

37-бап

1. Мемлекеттік шекара режимін, осы Келісімдерде көрсетілген шекаралық оқыс оқиғалардың дер кезінде алдын алу және реттеуді қамтамасыз ету жөніндегі мәселелерді шешу мүдделерінде Тараптар шекараның тиісті учаскелеріне мемлекеттің шекара өкілдері мен олардың орынбасарларын дербес тағайындайды, сондай-ақ шекаралық кездесулер мен келіссөздерге арналған орындарды бекітеді.

Тараптар мемлекеттің шекара өкілдері мен олардың орынбасарларын тағайындау туралы бірін-бірі хабардар етеді.

Мемлекеттер шекара өкілдерінің жауапты учаскелері мен кездесу орындары осы Келісімнің 7-қосымшасында айқындалған.

2. Мемлекеттердің шекара өкілдері жұмысты өз мемлекетінің ұлттық заңнамаларына және осы Келісімге сәйкес жүзеге асырады.

3. Мемлекеттің шекара өкілінің болмау уақытында оның міндеттерін орындау үшін оның орынбасарларынан біреуі уәкілдік етеді.

4. Мемлекеттердің шекара өкілдері жұмыс істеуге ыңғайлы болу үшін көмекшілерін және басқа да жұмысшыларын (хатшыларын, аудармашыларын, сарапшыларын, байланыс бойынша уәкілдерін және солар сияқты) тағайындайды.

38-бап

1. Осы Келісімге сәйкес, 37-бапта көрсетілген тұлғаларға қызметтік міндеттерін екінші Тарап мемлекетінің аумағында жүзеге асыруы кезінде жеке тұлғалығына, сондай-ақ олардың өздеріндегі қызметтік құжаттар мен мүлікке қол сұқпау туралы кепілдендіреді. Осыған орай, олардың көлігі мен жеке заттары шекарадан өту кезінде тексеру мен қарауға жатпайды.

2. Бір Тарап осы Келісімнің 37-бабында көрсетілген және осы Келісімде белгіленген тиісті міндеттерді орындау үшін осы Тарап мемлекетінің аумағындағы екінші Тараптың тұлғаларына қажетті жәрдем көрсетуі, оларды жұмыс орнымен қамтамасыз етуі қажет.

3. Осы Келісімнің 37-бабында көрсетілген тұлғалар екінші Тарап мемлекетінің аумағына орналасу кезінде, болған елдің заңын сақтауға міндетті.

39-бап

1. Осы Келісіммен белгіленген құзыреттер шегінде мемлекеттердің шекара өкілдері шекара маңындағы аудандардың уәкілетті органдары және жергілікті атқарушы (әкімшілік) органдары өкілдерімен қызмет учаскелері шегінде мемлекеттік шекара режимін қамтамасыз ету бойынша бірлескен іс-шаралардың жыл сайынғы жоспарын әзірлейді.

2. Тараптар мемлекеттерінің шекара өкілдері екі мемлекеттердің шекаралық ведомстволары арасындағы байланысуға және ынтымақтастыққа жағдай жасайды.

40-бап

Мемлекеттік шекара режимін, шекаралық қақтығыстардың алдын

алу және реттеуді қамтамасыз ету мүддесінде Тараптар мемлекеттерінің шекара өкілдері мынадай ақпараттармен уақытылы алмасады:

1) шекарадағы және шекара маңы аудандарындағы ахуал, сондай-ақ олардың өзгеру мүмкіндіктері және болғандығы туралы;

2) мемлекеттік шекара режимін қамтамасыз ету және шекаралық оқыс оқиғалар алдын алу шараларының қабылдануы туралы;

3) шекарадан заңсыз өту мүмкіндігі, дайындық жасау және жүзеге асыру туралы;

4) шекараны бұзуға әрекет еткен немесе бұзған тұлғалар туралы, сондай-ақ ұсталған шекара бұзушының тұлғалағы жөніндегі нақты мәліметтер туралы.

41-бап

1. Тараптар мемлекеттерінің шекара өкілдері, олардың орынбасарлары келіссөздер өткізу жолымен бірлескен жұмысты жүзеге асырады. Әдетте, келіссөздер Тараптар мемлекеттерінің аумағында кезектесіп жүргізіледі.

Жұмыс келіссөздерінің барлық нәтижелері хаттамалармен ресімделеді. Келіссөздер хаттамалары әрқайсысы қытай, қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалады және Тараптар мемлекеттерінің шекара өкілдерімен қол қойып, мөр басылады. Келіссөздер хаттамалары қабылданған шешім және олардың орындалу мерзімдерін көрсетеді.

Тараптар мемлекеттерінің шекара өкілдері қажет болған жағдайда жеке мәселелерді хат жазысып немесе өзге нысан жолымен шешуі мүмкін.

2. Шекара өкілдері көмекшілерінің кездесуі тек қана Тараптар мемлекеттерінің шекара өкілдерінің талсырмалары бойынша жүргізіледі. Мемлекеттердің шекара өкілдері көмекшілерінің кездесу нәтижелері олардың Тараптар мемлекеттерінің шекара өкілдерімен расталғаннан кейін күшіне енетін актілермен ресімделеді.

42-бап

1. Тараптар мемлекеттерінің шекара өкілдері шекаралық оқыс оқиғаларды реттеу мақсатында бірлесіп қабылданған шешімдерді орындау және шешімдерді орындау үшін барлық қабылданған шаралар туралы бірін-бірі уақытылы хабардар етеді.

2. Егер де мемлекеттердің шекара өкілдері шекаралық оқыс оқиғаларды реттеуге қатысты бірыңғай пікірге келмесе, онда олар осы мәселені шешу үшін жоғары тұрған органға, оның ішінде дипломатиялық арналар арқылы береді.

43-бап

1. Мемлекеттер шекара өкілдерінің келіссөздері Тараптардың бірінің бастамасы бойынша мүмкіндігінше ұсынылған мерзімде жүргізіледі. Келіссөздер туралы ұсынысты олардың басталуына дейін 7 күннен кешіктірмей және келіссөздердің уақытын, орнын және күн тәртібін қосып жібереді. Екінші Тарап үш күн ішінде ұсыныстарды алғаннан кейін өз жауабын береді. Егер келіссөздердің ұсынылған уақыты қолайсыз болса, жауапта басқа мерзім ұсынылады. Тараптар мемлекеттерінің шекара өкілдері көмекшілерінің кездесуі уақытында жүргізіледі.

2. Бір Тарап мемлекеті шекара өкілінің ұсынысы бойынша жүргізілген келіссөздерге екінші Тарап мемлекетінің шекара өкілі жеке келуге міндетті. Егер мемлекет шекара өкілінің қандайда бір оңды себептер (сырқат, іссапар, демалыс және солар сияқты) бойынша қатысуына мүмкіндік болмаса, онда оны мемлекет шекара өкілінің орынбасары ауыстырады. Бұл туралы екінші Тарап мемлекетінің шекара өкілін алдын ала міндетті түрде хабардар етеді.

Келіссөздер мен кездесулерді жүргізуге орынды себептер болмаған жағдайда Тараптар мемлекеттерінің шекара өкілдерінің, шекара өкілдерінің орынбасарларының және шекара өкілдері көмекшілерінің кез-келгенімен шегерілуі мүмкін емес.

44-бап

1. Шекаралық оқыс оқиғаларды реттеу мақсатында мемлекеттердің шекара өкілдері, олардың орынбасарлары мен көмекшілері келісім бойынша бірлесіп тексеру жүргізуі мүмкін. Қажет жағдайда оларға сарапшылар, куәгерлер және жәбірленушілер қатысуы ықтимал.

Тексеру нәтижелері бойынша бірлескен хаттама немесе қажет болған кезде өзге де құжаттар жасалады. Мемлекеттердің шекара өкілдері осы құжаттардың үлгісін бірлесіп анықтайды.

2. Егер бірлескен тексеру үдерісінде Тараптар мемлекеттерінің шекара өкілдері шекаралық оқыс оқиға себептеріне, салдарына қатысты

бірыңғай пікірге келмесе, онда бұл хаттамада немесе тиісті құжаттарда көрсетіледі.

45-бап

1. Әдетте, келіссөздер мен кездесулер тәуліктің күндізгі уақытында өткізіледі. Кездесулер шұғыл жағдайда түнгі уақытта да жүргізілуі мүмкін.

2. Келіссөздерге немесе кездесулерге ұйымдастырушы – Тараптар мемлекеттерінің шекара өкілдері, олардың орынбасарлары немесе көмекшілері төрағалық етеді.

3. Келіссөздердің немесе кездесулердің уақыты, орны, күн тәртібі, қатысушылар құрамының өзара байланыс тәсілдері хаттар алмасу жолымен келісілуі мүмкін. Қажет болған жағдайда күн тәртібіне кірмейтін мәселелер қаралуы мүмкін.

46-бап

Тараптар өз аумағында осы Келісімді орындауы барысында туындаған шығыстарды Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес әрқайсысы өздері көтереді. Келіссөздер мен кездесулер кезінде ұйымдастырушы – Тарап жұмыс істеуге арналған орын ұсынады.

47-бап

1. Мемлекеттердің шекара өкілдері мен олардың орынбасарлары өздерінің міндеттерін орындау үшін осы Келісімде белгіленген аккредитация құжаттары бойынша осы Келісімнің 8-қосымшасына сәйкес мемлекеттік шекарадан өтеді.

2. Мемлекеттердің шекара өкілдерінің көмекшілері, хатшылары, аудармашылары мен байланыс бойынша уәкілдері мемлекеттік шекара өкілдеріне берілген куәлік бойынша осы Келісімнің 9-қосымшасына сәйкес мемлекеттік шекарадан өтеді.

3. Қажетті жекелеген мәселелерді айқындау үшін сарапшылар мен өзге тұлғалар мемлекеттік шекара өкілі берген мемлекеттік шекарадан бір рет өту және қайту кәлігі бойынша осы Келісімнің 10-қосымшасына сәйкес мемлекеттік шекарадан өтеді.

4. Осы баптың 1, 2 және 3-тармақтарында көрсетілген тұлғалар тек қана алдын-ала келісілген жерлерде шекарадан өтеді және 24 сағаттан кешіктірмей шекарадан әрбір өтудің нақты күні мен уақыты туралы екінші Тарап мемлекетінің шекаралық өкілдерін хабардар етеді.

48-бап

1. Хат-хабарлар алмасу, шекара бұзушыларды, малдарды, үй құстарын, адамдар мен жануарлар мәйіттерін, мүліктерді қабылдау және тапсыру Тараптар мемлекеттерінің шекара өкілдерімен келісілген орындарда жүргізіледі. Байланыстың нақты нысаны Тараптар мемлекеттерінің шекара өкілдері арасындағы келісімдер жолымен айқындалады.

2. Шекараны бұзушылар мен адамдар мәйіттерін тапсыру мемлекеттің шекара өкілдерімен, олардың орынбасарлары немесе көмекшілерімен жеке жүргізіледі. Малдарды, үй құстарын, мүлік пен хат-хабарды тапсыруды мемлекеттердің шекара өкілдерінің тапсырмасы бойынша басқа да жауапты жұмысшылар жүргізіуі мүмкін.

3. Мемлекеттердің шекара өкілдерінің, шекараны бұзушылардың хат-хабарын, малдар мен үй құстарын, адамдардың мәйіттері мен мүліктерін қабылдау-тапсыру актілерінің үлгілері осы Келісімнің 11, 12, 13, 14 және 15- қосымшаларына сәйкес белгіленеді.

10-тарау. Іске асыру тетігі

49-бап

Осы Келісімді іске асыру барысын бақылау, сондай-ақ мемлекеттік шекара режимін ұстауға байланысты маңызды мәселелерді келісу және шешу мақсатында Тараптар мен Шекара жөніндегі бірлескен қазақстан-қытай комиссиясы құрылады және ол туралы Ережелерді әзірлеуге жауапты болып табылады.

11-тарау. Қорытынды ереже

50-бап

Осы Келісімнің Ережелері қатысушы Тараптар мемлекеттері болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

51-бап

Осы Келісімнің барлық қосымшалары оның ажырамас бөлігі болып табылады.

52-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

53-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану жөнінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер мен консультациялар арқылы шешеді.

54-бап

Осы Келісім Тараптардың осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күннен кейін отызыншы күні күшіне енеді.


Осы Келісім он жыл бойы қолданылады және егер Тараптардың бірі тиісті он жылдық кезең аяқталғанға дейін 6 айда өзінің оның қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жібермесе, кейінгі он жылдық кезеңдерге өздігінен ұзартылатын болады.

2006 жылғы «20» желтоқсан Пекин қаласында әрқайсысы қытай, қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіннің бірдей күші бар.

Қытай Халық Республикасының
Үкіметі үшін



Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін



Қытай Халық Республикасының
Үкіметі мен Қазақстан
Республикасының Үкіметі арасындағы
Қытай-қазақстан мемлекеттік
шекарасының режимі туралы келісімге
1-қосымша

№___ шекара белгісін жөндеу,
қалпына келтіру немесе қайта орнату
Актісінің үлгісі

2006 жылғы «___» _____ Қытай Халық Республикасының Үкіметі
мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай-қазақстан
мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісімнің 5-бабы 2-тармағына
сәйкес _____ бойынша _____

(елдің атауы) (учаскенің атауы) (уәкілетті органдардың атауы)
шекара өкілі (шекара өкілінің орынбасары, шекара өкілінің
көмекшісі)/өкілі _____ 200_ жылғы «___» _____
(әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты)

_____ бойынша _____
(елдің атауы) (учаскенің атауы) (уәкілетті органдардың атауы)
шекара өкілі (шекара өкілінің орынбасары, шекара өкілінің көмекшісі)/өкілі
_____ қатысуымен №___ шекара белгісін
(әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты)

_____ жүргізді.
(жөндеуді, қалпына келтіруді немесе қайта орнатуды)

№___ шекара белгісі _____
(бұдан әрі шекара белгісін жөндеудің сипаты, қалпына келтіру

_____ немесе қайта орнату себебі жазылады)

Жоғарыда көрсетілген жұмыстар 200_ жылғы «___» _____ қол
қойылған _____ сәйкес орындалды.
(демаркациялау немесе бірлесіп- тексеру құжаттарының атауы)

Осы Актінің әрқайсысы қытай, қазақ және орыс тілдерінде екі данада
жасалды, әрі барлық үш мәтіннің де бірдей күші бар.

Қытай Халық Республикасының _____

(уәкілетті органның атауы)
өкілі

(қолы)

_____ бойынша _____
(учаскенің атауы)

Қазақстан Республикасының
шекара өкілі (шекара өкілінің
орынбасары, шекара өкілінің
көмекшісі)

(қолы)

Қытай Халық Республикасының
Үкіметі мен Қазақстан
Республикасының Үкіметі арасындағы
Қазақстан-қытай мемлекеттік
шекарасының режимі туралы келісімге
2-қосымша

**№ _____ шекара белгісін зақымданғаннан, орны ауысқаннан, қирағаннан
немесе жоғалғаннан кейін бастапқы орнына қалпына келтіру немесе
қайта орнату мүмкін еместігі туралы Актінің үлгісі**

2006 жылғы « _____ » _____ Қытай Халық Республикасының мен
Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай-қазақстан
мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісімнің 5-бабы 3-тармағына
сәйкес _____ бойынша _____

(елдің атауы) (учаскенің атауы) (уәкілетті органдардың атауы)
шекара өкілі (шекара өкілінің орынбасары, шекара өкілінің
көмекшісі)/өкілі _____ 200 _____ жылғы « _____ » _____
(әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты)

_____ бойынша _____
(елдің атауы) (учаскенің атауы) (уәкілетті органдардың атауы)
шекара өкілі (шекара өкілінің орынбасары, шекара өкілінің көмекшісі)/өкілі
_____ қатысуымен № _____ шекара белгісін
(әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты)

_____ және оны 200 _____ жылғы « _____ » _____ қол қойылған
(збүлінгенін, орны ауысқанын)

_____ ережелеріне сәйкес белгіленген
(демаркациялау немесе бірлескен тексеру құжаттарының атауы)
бұрынғы орнына _____ мүмкін еместігін анықтады,
(қалпына келтіру немесе қайта орнату)

бұл туралы Тараптар Шекара арқылы бірлескен қытай-қазақстан комиссиясы
өз желісі арқылы баяндауға келісті.

Осы Актінің әрқайсысы қытай, қазақ және орыс тілдерінде екі данада
жасалды, әрі барлық үш мәтіннің де бірдей күші бар.

Қытай Халық Республикасының

_____ (уәкілетті органның атауы)

өкілі

(қолы)

_____ бойынша

_____ (учаскенің атауы)

**Қазақстан Республикасының
шекара өкілі (шекара өкілінің
орынбасары, шекара өкілінің
көмекшісі)**

_____ (қолы)

Қытай Халық Республикасының
Үкіметі мен Қазақстан
Республикасының Үкіметі арасындағы
Қытай-қазақстан мемлекеттік
шекарасының режимі туралы келісімге
3-қосымша

**Бұзылған, орны ауысқан, қираған немесе жоғалған
№ _____ шекара белгісін жаңа орынға орнату туралы
Актінің үлгісі**

2006 жылғы « _____ » _____ Қытай Халық Республикасының Үкіметі
мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай-қазақстан
мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісімнің 5-бабы 3-тармағына
және Шекара бойынша бірлескен қазақстан-қытай комиссиясының
200 _____ жылғы « _____ » _____ шешіміне сәйкес сарапшылар бірлескен
тобының (қытай/қазақстан бөлігінің) өкілі _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

200 _____ жылғы « _____ » _____ сарапшылар бірлескен тобының
(қытай/қазақстан бөлігінің) өкілі _____ қатысуымен
(тегі, аты, әкесінің аты)

№ _____ шекара белгісін жаңа орынға орнатты.
(бұзылған, орны ауысқан немесе жоғалған)

№ _____ шекара белгісінің жаттамасы, Мемлекеттік шекара сызығының өтуі
сипаттамасының түзетілген фрагменті, координаттар Каталогының түзетілген
бөлігі және шекара белгісі бағаналарының биіктігі, шекара белгісі
бағаналарының өзара орналасу схемасы (ұсынылады)
200 _____ жылғы « _____ » _____ қол қойылған
_____ сәйкес жасалды.

(демаркациялау немесе бірлесіп-тексеру құжаттарының атауы)

Осы Актінің әрқайсысы қытай, қазақ және орыс тілдерінде екі данада
жасалды, әрі барлық үш мәтіннің де бірдей күші бар.

**Сарапшылардың бірлескен тобы
қазақстандық бөлігінің өкілі**

(қолы)

**Сарапшылардың бірлескен тобы
қытайлық бөлігінің өкілі**

(қолы)

Қытай Халық Республикасының
Үкіметі мен Қазақстан
Республикасының Үкіметі арасындағы
Қытай –қазақстан мемлекеттік
шекарасының режимі туралы келісімге
4-қосымша

**Өз тарапында мемлекеттік
шекара сызығынан 25 километр шегінде
ұшуларды жүргізу туралы
ноғаның үлгісі**

№ _____ Сыртқы істер министрлігі (Елшілігі)

_____ (елдің атауы) _____ (елдің атауы)
Елшілігіне (Сыртқы істер министрлігіне) өз құрметін білдіреді және 2006
жылғы « _____ » _____ Қытай Халық Республикасының Үкіметі мен
Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай-қазақстан
мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісімнің 18-бабына сәйкес ізет
білдіріп, мыналар туралы хабардар етеді:

1. Ұшу мақсаты;
2. Ұшу туралы деректер:
 - 1) ұшып өтетін күні, нақты ұшу күндері және ұшу ұзақтығы;
 - 2) ұшу ауданы, 25 километрлік аймаққа кіру одан шығу нүктесінің географиялық координаттары, ұшу бағыты;
 - 3) ұшу биіктігі.
3. Ұшу аппараты туралы мәліметтер:
 - 1) иесі;
 - 2) типі мен түрі;
 - 3) бояуы (түсі);
 - 4) таңу белгілері;
 - 5) борттық нөмірі;
 - 6) шақыру сигналдары;
 - 7) радарлық кондырғының бар-жоғы.
4. Фотоаппаратура туралы мәліметтер:
 - 1) типі мен түрі;
 - 2) фокустық қашықтық.

_____ Министрлігі (Елшілігі) жағдайды пайдалана отырып,
(елдің атауы)
_____ Министрлігіне (Елшілігіне) өзінің жоғары құрметтейтіндігін
(елдің атауы)
растайды.
_____ қаласы 200__ жылғы « ____ » _____

(елдің атауы)
Сыртқы істер министрлігі (Елшілігі)
_____ қаласы

Қытай Халық Республикасының
Үкіметі мен Қазақстан
Республикасының Үкіметі арасындағы
Қытай-қазақстан мемлекеттік
шекарасының режимі туралы келісімге
5-қосымша

**Әуе құралдарымен мемлекеттік шекарадан
өту туралы сұрау салуға келісім беру туралы
нотаның үлгісі**

№ _____
_____ Сыртқы істер министрлігі (Елшілігі) _____ Елшілігіне
(елдің атауы) (елдің атауы)
(Сыртқы істер министрлігіне) өз құрметін білдіреді және 200_ жылғы
« _____ » _____ Қытай Халық Республикасының Үкіметі мен Қазақстан
Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай-қазақстан мемлекеттік
шекарасының режимі туралы келісімнің 18-бабына сәйкес мемлекеттік
шекарадан өтуге келісім алу туралы өтініш білдіруге ізет білдіріп, мыналар
туралы хабарлайды:

1. Ұшу мақсаты:
2. Ұшу туралы деректер:
 - 1) мемлекеттік шекара арқылы ұшу уақыты, нақты ұшу күндері және ұшу ұзақтығы;
 - 2) ұшу ауданы, 25 километрлік аймаққа кіру одан шығу нүктесінің географиялық координаттары, ұшу бағыты;
 - 3) ұшу биіктігі;
 - 4) ұшу уақытында шекарадан өту үшін жоспарланып отырған орын (координаттары, елдімекені немесе ұшудың схемалық картасы);
 - 5) шекара арқылы ұшу тереңдігі.
3. Ұшу аппараты туралы мәліметтер:
 - 1) иесі;
 - 2) типі мен түрі;
 - 3) бояуы (түсі);
 - 4) тану белгілері;
 - 5) борттық нөмірі;
 - 6) шақыру сигналдары;
 - 7) радарлық қондырғының бар-жоғы.
4. Фотоаппаратура туралы мәліметтер:
 - 1) типі мен түрі;
 - 2) фокустық қашықтық.

Осыған байланысты _____ Сыртқы істер министрлігі (Елшілігі)
(елдің атауы)
келісім беруіңізге және жақын арада жауап қайтаруыңызға
ризашылығымызды білдіреміз.

_____ Министрлігі (Елшілігі) жағдайды пайдалана отырып,
(елдің атауы)
_____ Министрлігіне (Елшілігіне) езінің жоғары құрметтейтіндігін
(елдің атауы)
растайды.

_____ қаласы 200__ жылғы «__» _____

(елдің атауы)
Сыртқы істер министрлігі (Елшілігі)
_____ қаласы

Қытай Халық Республикасының
Үкіметі мен Қазақстан
Республикасының Үкіметі арасындағы
Қытай-қазақстан мемлекеттік
шекарасының режимі туралы келісімге
6-қосымша

**Шекаралас аудандардың аразігін әкімшілік ажырату
тізбесі**

2006 жылғы «___» _____ қол қойылған Қытай Халық Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай-қазақстан мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісімнің 28-бабына сәйкес мынадай шекара маңы аудандарының әкімшілік ажырату тізбесі белгіленеді.

Қытай Халық Республикасы тарапынан:

Синьцзян – Ұйғыр автономиялық ауданы:

Бурчун уезі;

Хабахэ уезі;

Зимунай уезі;

Көбіксары-Моңғол автономиялық уезі;

Дурбульджін уезі;

Шәуешек қаласы;

Шагантоғай уезі;

Толы уезі;

Боротола қаласы;

Арасан уезі;

Қорғас уезі;

Шапшал уезі;

Моңғол-Күре уезі;

Вэньсу округі.

Қазақстан Республикасы тарапынан:

Шығыс Қазақстан облысы:

Үржар ауданы;

Тарбағатай ауданы;

Зайсан ауданы;

Күршім ауданы;
Қатонқарағай ауданы.

Алматы облысы:
Райымбек ауданы;
Ұйғыр ауданы;
Панфилов ауданы;
Кербұлақ ауданы;
Ескелді ауданы;
Ақсу ауданы;
Алакөл ауданы.

Қытай Халық Республикасының
Үкіметі мен Қазақстан
Республикасының Үкіметі арасындағы
Қытай-қазақстан мемлекеттік
шекарасының режимі туралы келісімге
7-қосымша

**Мемлекеттер шекара өкілдерінің
жауапты учаскелері мен кездесу орындары**

2006 жылғы « » _____ қол қойылған Қытай Халық Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісімнің 37-бабына сәйкес мемлекеттер шекара өкілдерінің жауапты учаскелері мен кездесу орындары мынадай болып белгіленеді.

Қытай Халық Республикасы тарапынан:

1. Алтай учаскесі бойынша шекара өкілі Қытай Халық Республикасы, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы мемлекеттік шекараларының түйіскен нүктесінен № 73 шекара белгісіне дейінгі учаскеге жауап береді. Кездесу орындары: Зимунай, Ахэйтубайке станциялары.

2. Тачэнь учаскесі бойынша шекара өкілі № 73 шекара белгісінен № 266 шекара белгісіне дейінгі учаскеге жауап береді. Кездесу орны: Бахты, станциясы.

3. Боротала учаскесі бойынша шекара өкілі № 266 шекара белгісінен № 311 шекара белгісіне дейінгі учаскеге жауап береді. Кездесу орны: Алашанькоу станциясы.

4. Іле учаскесі бойынша шекара өкілі 311 шекара белгісінен Қытай Халық Республикасы, Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы мемлекеттік шекараларының түйіскен нүктесіне дейінгі учаскеге жауап береді. Кездесу орындары: Қорғас, Дулат, Сүнбай станциялары.

Қазақстан Республикасы тарапынан:

1. Зайсан учаскесі бойынша шекара өкілі Қытай Халық Республикасы, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы мемлекеттік шекараларының түйіскен нүктесінен № 134 шекара белгісіне дейінгі учаскеге жауап береді. Кездесу орны: Майкапшағай өткізу пункті.

2. Бахты учаскесі бойынша шекара өкілі № 134 шекара белгісінен № 242 шекара белгісіне дейінгі учаскеге жауап береді. Кездесу орны: Бахты өткізу пункті.

3. Үшарал учаскесі бойынша шекара өкілі № 242 шекара белгісінен № 310/1 шекара белгісіне дейінгі учаскеге жауап береді. Кездесу орны: Достық елді-мекені.

4. Панфилов учаскесі бойынша шекара өкілі № 310/1 шекара белгісінен № 348 шекара белгісіне дейінгі учаскеге жауап береді. Кездесу орны: Қорғас өткізу пункті.

5. Сүмбе учаскесі бойынша шекара өкілі № 348 шекара белгісінен Қытай Халық Республикасы, Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы мемлекеттік шекараларының түйіскен нүктесіне дейінгі учаскеге жауап береді. Кездесу орындары: Сүмбе көпірі, «Көлжат» өткізу пункті.

Қытай Халық Республикасының
Үкіметі мен Қазақстан
Республикасының Үкіметі арасындағы
Қытай-қазақстан мемлекеттік
шекарасының режимі туралы келісімге
8-қосымша

**Мемлекеттің шекара өкілі мен шекара өкілі
орынбасарының аккредитациялық құжатының үлгісі**

Мұқабасы – Мемлекеттік елтаңба, мемлекеттің атауы

1-бет – өкілеттілігі

2-бет –

3-бет – фотосурет, мөр, иесінің қолы

4-бет – 2006 жылғы «___» _____ Қытай Халық
Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі
арасындағы Қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасының режимі туралы
келісімнің 47-бабына сәйкес _____

(әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты)

(мемлекеттік органдардың басшылары немесе атаулары, тағайындау үшін уәкілеттілер)

_____ қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасының _____

(елдің атауы)

(участкенің атауы)

бойынша шекара өкілі (шекара өкілінің орынбасары) болып тағайындалды.

Жоғарыда көрсетілген Келісімде көзделген міндеттерді орындау үшін
_____ уәкілеттік беріледі, осыған байланысты

(әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты)

қазақстан- қытай шекарасынан өтуге және _____ шекаралас ауданда
(елдің атауы)

болуға құқығы бар.

(тегі, аты-жөні, уәкілетті тұлғаның қолы, мөр)

200__ жылғы «__» _____

5-бет – 4-беттің мәтіні _____ (қажет тілде)

6-бет –

7-бет –

8-бет –

Қытай Халық Республикасының
Үкіметі мен Қазақстан
Республикасының Үкіметі арасындағы
Қытай-қазақстан мемлекеттік
шекарасының режимі туралы келісімге
9-қосымша

Мемлекеттің шекара өкілінің көмекшісі, хатшысы,
аудармашысы және байланыс бойынша уәкілетті адам
қуәлігінің үлгісі

Мұқабасы – Мемлекеттік елтанба, мемлекеттің атауы

1-бет - өкілеттіктері

2-бет –

3-бет – фотосурет, мөр, иесінің қолы

4-бет – 2006 жылғы «___» _____ Қытай Халық
Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі
арасындағы Қытай-қазақстан мемлекеттік шекарасының режимі туралы
келісімнің 47-бабына сәйкес

_____ (әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты)
_____ қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасының _____
(елдің атауы) (учаскенің атауы)
бойынша шекара өкілі _____ болып тағайындалды.
(лауазымы)

Жоғарыда көрсетілген Келісімде көзделген міндеттерді орындау үшін
_____ өкілеттік берілді және осыған байланысты
(әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты)
қытай-қазақстан мемлекеттік шекарасынан өтуге және _____
(елдің атауы)
шекаралас ауданда болуға құқығы бар.

_____ бойынша
(учаскенің атауы)
_____ шекара өкілі
(елдің атауы)
_____ (әскери атағы, тегі, аты-жөні, қолы, мөр)

200__ жылғы «___» _____

5-бет – 4-беттің мәтіні _____ (қажет тілде)

6-бет –

7-бет –

8-бет –

Қытай Халық Республикасының
Үкіметі мен Қазақстан
Республикасының Үкіметі арасындағы
Қытай-қазақстан мемлекеттік
шекарасының режимі туралы келісімге
10-қосымша

**Қазақстан-қытай мемлекеттік
шекарасы арқылы бір рет өтуге
және қайтуға берілетін куәліктің үлгісі**

1-бет – Мемлекеттік шекара арқылы бір рет өтуге және қайтуға
берілетін куәлік

2-бет – 2006 жылғы «___» _____ Қытай Халық
Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі
арасындағы Қытай-қазақстан мемлекеттік шекарасының режимі туралы
келісімнің 47-бабына сәйкес _____ қытай-қазақстан
шекарасы арқылы _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

_____ учаскесінде қытай-қазақстан мемлекеттік
(елдің атауы)

шекарасы арқылы бір рет өтуге және қайтуға және 200__ ж.
«___» _____ 200__ ж. «___» _____ аралығында _____
шекаралас ауданда болу құқығы бар. _____
(елдің атауы)

_____ бойынша
(учаскенің атауы)

_____ шекара өкілі
(елдің атауы)

_____ (әскери атағы, тегі, аты-жөні, қолы, мөр)

200__ жылғы «___» _____

3-бет – 2-беттің мәтіні _____ (қажет тілде)

4-бет –

Қытай Халық Республикасының
Үкіметі мен Қазақстан
Республикасының Үкіметі арасындағы
Қытай-қазақстан мемлекеттік
шекарасының режимі туралы келісімге
11-қосымша

Мемлекеттің шекара өкілінің хат-хабарларды
қабылдауы-тапсыруы туралы
актінің үлгісі

№ _____
Күні _____
Уақыты _____
Орны _____

2006 жылғы «_____» _____ Қытай Халық Республикасының
Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-
қытай мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісімнің 48-бабына сәйкес
_____ бойынша шекара өкілінен _____
(елдің атауы) (учаскенің атауы) (елдің атауы)
_____ бойынша шекара өкіліне жіберілген № _____ хатты
(учаскенің атауы)

_____ тапсырды және _____
(лауазымы, әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты) (лауазымы, әскери атағы, тегі, аты,
_____ қабылдады.
әкесінің аты)

Тараптар жоғарыда көрсетілген хат орамының бүтіндігін растайды.

Осы акт әрқайсысы қытай, қазақ және орыс тілдерінде екі данада
жасалды, әрі барлық үш мәтіннің де бірдей күші бар.

Тапсырды _____
(қолы)

Қабылдады _____
(қолы)

Қытай Халық Республикасының
Үкіметі мен Қазақстан
Республикасының Үкіметі арасындағы
Қытай -қазақстан мемлекеттік
шекарасының режимі туралы келісімге
12-қосымша

**Шекараны бұзушыны қабылдау-тапсыру
туралы Актінің үлгісі**

№ _____

Күні _____

Уақыты _____

Орны _____

2006 жылғы « _____ » _____ Қытай Халық Республикасының
Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай-
қазақстан мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісімнің 48-бабына
сәйкес

_____ (лауазымы, әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты)

_____ шекара бұзушыны

_____ (азаматтығы, тегі, аты, әкесінің аты, жынысы, туған жері, туған күні)

тапсырды және _____

_____ (лауазымы, әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты)

қабылдап алды.

Көрсетілген тұлға « _____ » _____ сағатта шекарадан өтті және

200 _____ жылғы « _____ » _____ сағатта _____

_____ (кім)

_____ ұсталды.

_____ (жердің атауы, жақын жердегі шекара белгісінің нөмірі)

Шекараны бұзу себептері _____.

Бұзушымен бірге бір мезгілде мынадай тасымалдау көлігі мен мүлік:
_____ тапсырылды.

_____ (атауы, саны мен айрықша белгілері)

Егер тасымалдау көлігі мен мүлікті тапсыру мүмкін болмаған жағдайда
тапсыру мүмкінсіздігінің себептерін көрсету қажет.

Қабылдау-тапсыру кезінде _____

_____ (қабылдау-тапсыру кезінде түсіндіру үшін қажетті

_____ тиісті тармақтар жазылады)

Осы Актінің әрқайсысы қытай, қазақ және орыс тілдерінде екі данада
жасалды, әрі барлық үш мәтіннің де бірдей күші бар.

Тапсырды _____

_____ (қолы, мөр)

Қабылдап алды _____

_____ (қолы, мөр)

Қытай Халық Республикасының
Үкіметі мен Қазақстан
Республикасының Үкіметі арасындағы
Қытай-қазақстан мемлекеттік
шекарасының режимі туралы келісімге
13-қосымша

Малды (үй құстарын) қабылдау-тапсыру
туралы Актінің үлгісі

№ _____
Күні _____
Уақыты _____
Орны _____

2006 жылғы « _____ » _____ Қытай Халық Республикасының
Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай-
қазақстан мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісімнің 48-бабына
сәйкес

_____ тапсырды және
(лауазымы, әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты)
_____ аумағынан өтушіні және _____
(елдің атауы) (түрі, саны, жынысы, өңі, жасы, таңбасы және өзге де
_____ бұзушы малды (үй құсын) _____
(ерекше белгілері) (лауазымы, әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты)
қабылдап алды.

Қабылдау-тапсыру кезінде _____
(қабылдау-тапсыру кезінде түсіндіру үшін қажетті
_____ .
тіісті тармақтар жазылады)

Осы Актінің әрқайсысы қытай, қазақ және орыс тілдерінде екі данада
жасалды, әрі барлық үш мәтіннің де бірдей күші бар.

Тапсырды _____
(қолы, мөр)

Қабылдап алды _____
(қолы, мөр)

Қытай Халық Республикасының
Үкіметі мен Қазақстан
Республикасының Үкіметі арасындағы
Қытай-қазақстан мемлекеттік
шекарасының режимі туралы келісімге
14-қосымша

Адамдардың мәйіттерін қабылдау-тапсыру
туралы Актінің үлгісі

№ _____
Күні _____
Уақыты _____
Орны _____
2006 жылғы « _____ » _____ Қытай Халық Республикасының
Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай-
қазақстан мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісімнің 48-бабына
сәйкес _____ адамның мәйітін
(лауазымы, әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты)
тапсырды және _____
(саны, тегі, аты, әкесінің аты, жынысы және ерекше белгілері)
_____ қабылдап алды.
(лауазымы, әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты)
Көрсетілген адамның мәйіті 200 _____ жылғы « _____ » _____
сағатта _____ табылды.
(кім, жердің атауы, жақын жердегі шекара белгісінің нөмірі)
Осымен Тараптар көрсетілген адам өмір сүрген кезінде _____
(елдің атауы)
азаматы болғанын растайды, өлімнің себебі _____
_____ болуы мүмкін.
Мәйітпен бірге бір мезгілде мынадай мүлік _____
(атауы, саны мен айрықша белгілері)
_____ тапсырылды.
Егер мүлікті тапсыру мүмкін болмаған жағдайда тапсыру
мүмкінсіздігінің себептерін көрсету қажет.
Қабылдау-тапсыру кезінде _____
(қабылдау-тапсыру кезінде түсіндіру үшін қажетті
_____ тиісті пункттер жазылады)
Осы Актінің әрқайсысы қытай, қазақ және орыс тілдерінде екі данада
жасалды, әрі барлық үш мәтіннің де бірдей күші бар.
Тапсырды _____ Қабылдап алды _____
(қолы, мөр) (қолы, мөр)

Қытай Халық Республикасының
Үкіметі мен Қазақстан
Республикасының Үкіметі арасындағы
Қытай-қазақстан мемлекеттік
шекарасының режимі туралы келісімге
15-қосымша

**Мүлікті қабылдау-тапсыру
туралы Актінің үлгісі**

№ _____
Күні _____
Уақыты _____
Орны _____

2006 жылғы «_____» _____ Қытай Халық Республикасының
Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай -
қазақстанмемлекеттік шекарасының режимі туралы келісімнің 48-бабына
сәйкес _____ тапсырды және

(лауазымы, әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты)

_____ мүлікті қабылдап

(лауазымы, әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты) (атауы, саны, және ерекше белгілері)
алды.

Жоғарыда көрсетілген мүлік 200__ жылғы «_____» _____
сағатта _____ табылды және Тараптардың
(кім, жердің атауы, жақын жердегі шекара белгісінің нөмірі)

бекітуі бойынша _____ меншігі болып табылады.
(елдің атауы)

Қабылдау-тапсыру кезінде _____
(қабылдау-тапсыру кезінде түсіндіру үшін қажетті

_____ .
тиісті тармақтар жазылады)

Осы Актінің әрқайсысы қытай, қазақ және орыс тілдерінде екі данада
жасалды, әрі барлық үш мәтіннің де бірдей күші бар.

Тапсырды _____
(қолы, мөр)

Қабылдап алды _____
(қолы, мөр)